

## Абайға арнау

Абай ата-кемеңгер ел данасы,  
Әлемдегі халықтан ерекше ғып,  
Қазақтың бақыты мен бағы үшін-  
Құдайдың бере салған бір баласы.  
Абайды жаратыпты ерекше ғып,  
Бет-бетімен жан-жаққа кеткендерді,  
Кедейлерді аяқ асты еткендерді,  
Данышпан Абай ата ақылымен  
Келтірді адамдыққа береке ғып.  
Абайдай ақыны бар ел озады,  
Надандар өз-өзіне көр қазады.  
Абайды жақсы білер ақын болса,  
Абайдың даналығын көп жазады.  
Шариғатпен адал заң егіз деген,  
Құнанбайдай тік мінез адал биді-  
Әділет іздегендер ел ішінде  
Әділет алу үшін көп іздеген.  
Қажы ата Құнанбай-  
Шариғат жолын қуады-ай.  
Құнанбайдай текіден,  
Абай ақын туады-ай.  
Оқығанда мақтанамын өлеңдерін,  
Бұл қазақтан дана шыққан кемеңгерім.  
Абайдың мен көрмеген өлеңдерін көргенімде,  
Таңдана, оқығанша елеңдедім.  
Абайдың өлеңдері ой салады  
Ойлатқандай «оқы» деп ой-сананы.  
Әліде өлеңдері жетеді ғой-  
Тақырыбының өзінде ой қалады.  
Өлеңдері қашанда көп-көлемді,  
Сонысымен мойындатқан бар әлемді.  
Мән-мағынасында ой жатады-  
Мағынасы мәнерлі сөзі әдемі.  
Оның жазған даналық ой қара сөзі,  
Үлкен менен кішіге ұстаз өзі,  
Сол ұстазды білмейтін жан бар ма екен,  
Мәңгілікке сақталар әрбір сөзі.  
Жан-жақты ой толғаған, өлең жазған  
Адамның мінездерін терең қазған.  
Мінекей міне бүгін, міне менде-

Сол атама арнайы өлең жазғам.  
Абайдың үлкен қаласы-ай,  
Сарыарқа сары даласы-ай,  
170-жылдығын тойлатқан  
Күдіретіне қарашы-ай.  
Абай-өлең патшасы, сөз дарасы,  
Ешқашанда, ешбір жерде түспейд оның бағасы.  
Дәлеліндей асыл сөздің қазіргі,  
Тойлап жатқан мерейтойын Абай сынды қаласы.  
Абай мен қазағымды егіз көрем,  
Қазақты толқынданған теңіз дерем.  
Абай дерем баға жетпес маржандарды  
Астасып жатқан алып теңізбенен.  
Ұлылықтың өшпес қорын қалдырған,  
Абай көрем сағымданған сан қырдан.  
Сол сағымның бір ұшқыны маған кеп,  
Сәуле салды санама әкеп мол жырдан.  
Әрқашанда өшпейд, өшпек емес ешқашан,  
Абай рухы, өлең жыры жаңғырған.